

“№6 Атырау қалалық емханасы” ШЖҚ КМК

Хаттама №48

Атырау қаласы

04.09.2025ж

Өткізу орны: Атырау қаласы, Атырау-Доссор тас жолы, құрылыс 49

Өткізу уақыты: 2025 жыл 04 қыркүйек

Қатысқандар: ШЖҚ КМК “№6 Атырау қалалық емханасының” әкімшілік басқарушылық персоналы, дәрігерлер, орта буын медицина қызметкерлері.

Күн тәртібінде

Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ, құқық бұзушылықтардың алдын алу

Сөз сөйлеген: Туралиева Б.А.-заңгер.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс қимыл туралы” Қазақстан Республикасының Заңының нормаларын түсіндіру мақсатында ШЖҚ КМК “№6 Атырау қалалық емханасы” қызметкерлері арасында жиналыс өткізілді.

Күн тәртібіне сәйкес құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселесі тыңдалды.

Сыбайлас жемқорлық мемлекет пен қоғамның тұрақтылығына қауіп төндіретін Қазақстанның қауіпсіздігіне жүйелі қатер болып табылады.

“Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабына сәйкес барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлық ұғымы

Сыбайлас жемқорлық — бұл мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүлктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүлктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық-бұл “сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” ҚР Заңында, сондай-ақ өзге де заңдарда көзделген, заңдарда белгіленген тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа әкеп соғатын сыбайлас жемқорлықпен жымдасқан немесе сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын іс-әрекет.

Пара!

Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі парамен байланысты қылмыстың екі түрін қарастырады:

пара алу (311 бап);

пара беру (312 бап).

Бұл бір қылмыстық монетаның екі жағы: егер пара туралы айтатын болсақ, онда пара алған (пара алушы) және оны берген (пара беруші) бар.

Пара алу — ең қауіпті лауазымдық қылмыстардың бірі, әсіресе егер оны адамдар тобы жасаса немесе бопсалаумен бірге жүрсе, ол лауазымды адамның заңды немесе заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін артықшылықтар мен артықшылықтар алудан тұрады.

Пара беру-лауазымды адамды заңды немесе заңсыз әрекеттер (әрекетсіздік) жасауға көндіруге, не берушінің пайдасына, оның ішінде жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін қандай да бір артықшылықтар беруге, алуға бағытталған қылмыс.

Пара деп түсініледі:

Заттар-ақша, оның ішінде валюта, банктік чектер және бағалы қағаздар, бағалы металдар мен тастардан жасалған бұйымдар, автомашиналар, Тамақ өнімдері, бейнетехника, тұрмыстық аспаптар және басқа да тауарлар, пәтерлер, саяжайлар, қала сыртындағы үйлер, гараждар, жер учаскелері және басқа да жылжымайтын мүлік.

пара беру (312 бап).

Қызметтер мен пайдалар — емдеу, жөндеу және құрылыс жұмыстары, санаторийлік және туристік жолдамалар, шетелге сапарлар, ойын-сауық және басқа да шығыстарды өтеусіз немесе төмендетілген құнмен төлеу.

Параның бүркемеленген түрі-жоқ борышты өтеу түріндегі банктік қарыз, төмен бағамен сатып алынған тауарларды төлеу, тауарларды жоғары бағамен сатып алу, паракорға, оның туыстарына, достарына жалақы төлеумен жалған еңбек шарттарын жасасу, жеңілдікті кредит алу, дәрістер, мақалалар мен кітаптар үшін қаламақыны көтеру, казинодағы "кездейсоқ" ұтыс, жалдау ақысын азайту, кредит бойынша пайыздық мөлшерлемелерді ұлғайту және т. б.

Пара алғаны үшін кім қылмыстық жауапкершілікке тартылуы мүмкін?

Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті лауазымды адам және оған теңестірілген адам пара алушы деп танылуы мүмкін.

Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар — мемлекет функциялары мен мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін тікелей орындау үшін Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының конституциялық және өзге де заңдарында белгіленген лауазымдарды атқаратын адамдар.

Хатшы: Шампекова А.Е.

